

2012 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 17 мамырдағы № 172 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 мамырда № 14-12-141 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 04 ақпандағы № 291 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімі аппаратының 04.02.2013 № 291 хатымен).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 20 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесінің 8-тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және олардың қаржыландырудың көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбекақысы айына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері көлемінде бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Зейдуллаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *А.Аймұрзаев*

Созақ ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 17 мамыр
№ 172 қаулысымен бекітілген

2012 жылғы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, жұмыстардың түрлері, көлемі және қаржыландыру көздері

		Жылына қоғамдық		
--	--	--------------------	--	--

P/c	Ұйымдардың атауы	қызметкерлерге сұраныс, адам	Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері	Қаржыландыру көздері
1	«Шолақорған ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	50	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 10000 шаршы метр	Аудандық бюджет
2	Созақ ауданының әділет басқармасы	6	Құжаттарды дайындауға көмек көрсету – 500 іс, компьютерлік базаға мәліметтерді енгізу -1400 іс, құжаттарды тігу – 500 іс, мұрағат құжаттарын өндеуге көмек көрсету – 500 іс	Аудандық бюджет
3	«НҰР ОТАН» Халықтық Демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық филиалы	4	Құжаттарды дайындауға көмек көрсету – 500 іс, азаматтардан түскен арыз және үндеулер бойынша курьерлік жұмыс жасау – 200 хат	Аудандық бюджет
4	«Созақ сәулет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	30	Аймақты экологиялық көгалдандыру, көркейту жұмыстарына көмектесу	Аудандық бюджет
5	«Созақ ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	25	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 10000 шаршы метр	Аудандық бюджет
6	«Жартытөбе ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 50000 шаршы метр	Аудандық бюджет
7	«Құмкент ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 50000 шаршы метр	Аудандық бюджет
8	«Таукент поселкесі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	15	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 30000 шаршы метр	Аудандық бюджет
9	«Сызған ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 50000 шаршы метр	Аудандық бюджет
10	«Қарақұр ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 50000 шаршы метр	Аудандық бюджет
11	«Қаратау ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	15	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 35000 шаршы метр	Аудандық бюджет
12	«Жуантөбе ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 50000 шаршы метр	Аудандық бюджет
13	«Тасты ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 50000 шаршы метр	Аудандық бюджет

14	«Шу ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	15	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 30000 шаршы метр	Аудандық бюджет
15	«Қыземшек поселкесі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақты, көгалдандыру және көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 50000 шаршы метр	Аудандық бюджет
	Барлығы	300		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК